

**«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға
жалпы конкурс туралы хабарландыру (төменгі лауазым)**

Барлық конкурс қатысушыларына арналған ортақ біліктілік талаптар:

DO-4 санаттары үшін: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы “Б” корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымына үлгілік біліктілік талаптары» № 12 бұйрығына сәйкес жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
D-O-4	83282,08	112430,81

**** Ескерту:** “Павлодар облысының білім беру басқармасы” ММ штат кестесінде бас маман лауазымдары төменгі болады.

«Павлодар облысы білім беру басқармасы» ММ, 140000, Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі 32, 402-кабинет, телефон 325232, факс 325725, kense.do@pavlodar.gov.kz электронды мекенжайы, «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына жалпы конкурс жариялайды:

1. Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы, санаты DO-4 (лауазым индексі 9-3-2-1).

Функционалдық міндеттері: Колледждердің Қазақстан Республикасының БҒМ нормативтік актілерін және мамандарды ұстау және даярлау сапасы сұрақтары бойынша бұйрықтарының ұйымдастырылуын және орындалуын жүзеге асырады, мамандарды ұстау және даярлау сапасы, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты орындау және оқу-жоспарлау құжаттамасын жүргізу жағдайының қызметін үйлестіреді. Аймақтың орта буын және жұмысшы кадрларға қажетті мониторинг жүргізеді, облыс колледждеріне мемлекеттік тапсырыс бойынша қаулы дайындауды жүзеге асырады, облыс колледждеріне талапкерлерді жыл сайын қабылдауды бақылайды. Статистикалық есептің сапалы жүргізілуін қамтамасыз етеді, халықаралық, аймақаралық және шекаралас ынтымақтастық мәселелерін үйлестіреді. Қатаң есептегі бланкілердің берілуі, ТжКБ оқу орындарының серіктестерінің дамуы туралы, тәрбие бөлімінің жұмысын қадағалайды. Оралман оқушылар туралы, жетім және мүгедек балалар бойынша мәліметтерді дайындауды жүзеге асырады. Техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға есепті, қажетті ақпаратты ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша есепті құрайды. Колледждердегі білім алушыларға аралық және қорытынды аттестаттаудың ұйымдастырылуына мониторинг жүргізеді. Колледждерде білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасын тағайындауды келісімдейді. Аймақтық кеңес бойынша аналитикалық материалдардың дайындығы және білім беру қызметінің сапасын жақсарту бойынша колледждердегі оқу-тәрбие жұмысының жағдайы туралы анықтаманы жүзеге асырады. дайындайды. ТжКБ оқу орындарында «Техникалық және кәсіптік, орта білім беруден кейінгі ұйымдарға құжаттар қабылдау» және «Техникалық және кәсіптік, орта білім беруден кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында

білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызметті және т.б. орындауды жүзеге асырады.

Өзінің функционалдық міндеттерін орындау бойынша басқарманың басқа бөлімдерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Кәсіби біліктілігін арттырады. Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, еңбек және орындаушылық тәртіпті сақтайды. Заңнамамен белгіленген тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырады. Мұрағатқа тапсыруға құжаттарды қалыптастырады және дайындайды. Өз құзырлығы шегінде басқарма басшысының, оның орынбасарлары мен техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі басшысының өзге де тапсырмаларын орындайды.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: жоғары - білім беру, гуманитарлық ғылым, техникалық ғылым және технологиялар, әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес салаларында (мемлекеттік және жергілікті басқару).

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган анықтайтын тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымның бос орнына кандидаттарды тестілеудің бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; «Қазақстан - 2050»: Стратегиясын білуі; қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, аталған санаттағы нақты лауазымның тиісті мамандануы салаларында қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, аталған санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті өзге де міндетті білім.

Келесі құзіреттіліктерінің бар болуы: бастамашылдық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

Жалпы конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) осы қағиданың 3-қосымшасына сәйкес, 3x4 көлемдегі фотомен толтырылған сауалнама;
- 3) нотариалды куәландырылған білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) нотариалды куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысанда денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру кезінде күші бар шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- 8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде күші бар уәкілетті органда жеке қасиеттерді бағалаудан өту туралы қорытынды (немесе нотариалды куәландырылған қорытындының көшірмесі).

3), 4), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға рұқсат етіледі. Бұл ретте, персоналды басқару қызметі құжаттардың көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып тексереді.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда, еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық топтамасы тапсырылмаса, конкурстық комиссия оларды қарастырудан бас тарта алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 жұмыс күн ішінде тапсырылуы тиіс.

Жалпы конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар құжаттарды қабылдау мерзімде «Павлодар облысы білім беру басқармасы» ММ ұйымдастыру-кадрлар жұмысы және құжаттамалық қамтамасыз ету бөліміне құжаттарын қолма-қол тәртіпте, пошта арқылы немесе хабарландыруда көрсетілген электронды пошта мекенжайына электронды түрде немесе «Е-gov» электронды Үкімет порталы немесе «е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі арқылы құжаттарды тапсырады.

Құжаттарды мемлекеттік органның электронды пошта мекенжайына электронды түрде немесе «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы берген жағдайда, олардың түпнұсқалары жұмыс күн бұрын кешіктірілмей әңгімелесу басталғанға дейін беріледі. Оларды бермеген жағдайда, тұлғаны конкурс комиссиясы әңгімелесуге жібермейді.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Әңгімелесуге жіберілгендері туралы хабарланған соң 3 жұмыс күні ішінде әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны «Павлодар облысының білім беру басқармасы» ММ ғимаратында, Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32 мекенжайында өтеді.

Бірыңғай конкурс комиссиясы жұмысының ашықтығы және жан-жақтылығын қамтамасыз ету үшін оның отырысына қадағалаушылар және сарапшылар шақырылады. Конкурстық комиссия отырысына қадағалаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламенті және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдары, басқа да мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар және саяси партиялар өкілдері, уәкілетті орган қызметкерлері қатыса алады. Сарапшылар ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос орын лауазымының функционалдық бағыттарына тиісінше салаларында, оның ішінде ғылым саласында жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ, персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурс қатысушылары және кандидаттар конкурстық комиссияның шешімін уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сот тәртібінде шағымдана алады.